

Эксперттік бағалау әдістері

Математикалық әдістердің экономика саласында атқаратын ролі зор болғанымен, математикалық әдістерді барлық жағдайда қолдану мүмкін емес. Көп жағдайда эвристикалық әдістерді қолдануға тура келеді. Солардың бірі эксперттік бағалау әдісі болып табылады.



Эксперттік бағалау – белгілі бір салада алған білімі мен тәжірибесі көп мамандардың (эксперттердің) пікірлеріне сүйеніп экономикалық немесе басқа проблемаларға бағалаулар жасап, сол бағалау нәтижесінде сол проблемаларды шешуге арналған шешім қабылдау.

Эксперттік бағалау қолданатын проблемалардың мысалдары :

- Жылжымайтын және жылжитын мүліктерді бағалау (жер сатқанда, үй сатқанда). Осындай мәселелермен айналысатын арнайы компаниялар болады;
- Соғыс жағдайында өте маңызды шешім қабылдау үшін әскерит кеңес ұйымдастырылады;
- Инвестициялық проектілерді бағалау;
- Салынып болған құрылыс объектілерін бағалау (мемлекеттік немесе басқа комиссия құру);

Т.с.с.

Экспертиза жүргізудегі мақсат пен эксперттер қорытынды жасайтын сұрақтар анықталуы керек.

Эксперттердің біліктілігін, тәжірибелілігін бағалау әдісі анықталуы керек.

Эксперттер тобы құрылады

Эксперттер жасаған қорытындыларды өңдеу ережелері анықталады.

Эксперттер жасаған қорытындылардың өзара үйлесімділігі тексеріледі. Қажет жағдайда экспертиза қайталануы керек (эксперттерге, қосымша мағлұматтар беріледі).

Эксперттер пікірлері қорытындыланып, шешім қабылдауда қолданылады

Эксперттердің қорытындылары қалай жинақталуы керек деген мәселе толық шешіліп, ережеленуі керек. Эксперттер арасында қандай байланыс мәселесі анықталуы керек.

Эксперттердің пікірлері жинақталады. Эксперттер пікірлері өңделіп топтық қорытынды жинақталады

Белгілі бір сала expertі деп сол салада тәжірибесі мол, жеткілікті білімі бар, өзінің интуициясына, біліміне, тәжірибесіне сүйеніп қорытынды жасай алатын маманды айтады.

Ал есебі expertтік бағалау деген не? Бір шешім қабылдау үшін expertтерді проблемалармен таныстырып, олар пікір жасауға қажетті мәліметтермен қамтамасыз етіледі. Expertтер берген қорытындылар жинақталып, математикалық түрде өңделіп тұжырым жасау expertтік бағалау болады.

Expertиза expertтер жасаған қорытындыларды жинақтауды айтады.

Іс жүзінде қолданылатын expertиза әдістері көп. Солардың кейбірін атап өтелік:

- **Дискуссия**
- **Анкета жүргізу**
- **Интервью алу**
- **Мозговой штурм**
- **Іскерлік ойындар т.б**

Кейде expertиза жасау әдістерін бірімен бірін байланыстыра істейді (комбанирует). Expertтік бағалау әдістері екі класқа бөлінеді:

- **Жеке expertтік бағалау (индивидуальные expertные оценки).**
- **Топтық expertтік бағалау (группавых expertные оценки).**
- **Топтық expertиза жасау схемасы келесі слайдта көрсет**

Экспертиза жүргізуге қатысатын эксперттер таңдауда да біраз мәселелер ескерілуі керек.

- **Экспертиза жүргізудегі мақсат, эксперттер қандай жауап бертетін сұрақтар анықталады**
- **Эксперттердің біліктілігі тәжірибелігі бағалануы керек.**
- **Эксперттердің пікірі қалай анықталуы керек деген мәселе шешіліп, ерекшеленуі керек. Эксперттердің арасында қандай байланыс болуы керек деген мәселе де шешілуі керек.**
- **Эксперттер тобы құрылады.**
- **Эксперттердің пікірлерін өңдеу ережесі анықталады.**
- **Эксперттердің пікірлерінің бір – бірімен үйлесімділігі тексеріледі.**
- **Эксперттердің пікірлері жинақталып, топтық бағалаулар шығарылады.**
- **Қорытынды шығарылады.**

Топтық (коллективтік) экспертиза жүргізген кезде эксперттердің өзара қарым қатынастары ескерілуі керек. Олардың қорытынды жасау кезінде өзара байланыс деңгейі анықталуы керек. Соған байланысты төмендегідей екі әдістің бірі таңдалады:

- **Ашық дискуссия, талқылау;**
- **Анкета жүргізу.**

Ашық дискуссияның негізгі кемшіліктері - талқылау кезінде кей эксперттер беделді эксперттің пікіріне еріп кетеді, сол беделді эксперттің пікірі басым болады.

Сонымен қатар ашық дискуссия кезінде эксперттердің ортақ пікірін анықтауға, олардың пікірлерінің үйлесімділігін тексеруге математикалық аппарат қолдауға мүмкіндік болмай қалады.

Анкета жүргізу арқылы эксперттік бағалау жасағанда жоғарыдағы кемшіліктер болмайды. Эксперттердің арасында байланыс жоқ, олар бірінен бірі тәуелсіз пікір айтуларына толық мүмкіндік бар. Эксперттер өздерінің пікірлерін анонимді түрде береді.

Дельфи әдісі

Дельфи әдісінде координатор (прогнозист, болжаушы, пікір қорытушы) мен эксперттер тобы болады. Эксперттер тобындағы эксперттер бір бірімен байланыса алмайды (топта өзінен басқа қандай эксперттер бар екенін білмейді), олар өзара координатор арқылы ғана байланыса алады.

Дельфи әдісінің негізгі ерекшеліктерін атап өтелік


- Эксперттердің арасында ешқандай өзара байланыс болмайды, яғни экспертиза кезінде олар өзара байланыса алмайды;
- Эксперттердің пікірі бірнеше дүркін қайта – қайта сұралады (многотуровый опрос мнений);
- Эксперттерге барлық қажетті мәліметтер беріледі. Эксперттер әрбір турдан кейін басқа эксперттердің жасаған бағалауларымен таныса алады, тек қана танысып қоймайды, жасалған бағалаудың дәлелдемесімен де танысуына мүмкіндік беріледі. Әрине барлығы анонимді түрде.

Координатордың талабы бойынша эксперттер өздерінің жасаған қорытындыларын негіздейді.

Дельфи әдісінің блок схемасы келесі слайдта көрсетілген.

- 1. Координаттар жасалған бағалауларды сұрайды;**
- 2. Координаттар эксперттерден жасаған бағалауларын алады. Орташа болжам жасайды. 50% бағалау аралықтарын анықтайды;**
- 3. Координаттар 50% аралыққа бағалаулары түспеген эксперттерден түсініктеме (негіздеме) алады.**
- 4. Координатор барлық эксперттерге төмендегі мәліметтерді жібереді:**
 - Орташа болжам;**
 - 50% болжам аралығы;**
 - Түсініктемелер.**
- 5. 1 пунктке қайта келеді, яғни процедуралар қайтадан істеледі. Жалпы жағдайда осы процедуралар үш рет қайталанады;**
- 6. Нүктелік немесе аралық қорытынды бағалау жасалады;**
- 7. Шешім қабылдауда ескерілетін қорытынды жасалып, шешім қабылдаушыға беріледі.**

Эксперттік бағалауда қолданылатын Дельфи әдісін жинақты әдіс деуге болады. Эксперттер жасаған бағалаулар әрбір турдан кейін бір – біріне жақындай түседі.



Эксперт деңгейін анықтау әдістерін екіге бөліп қарауға болады:

- **Объективтік әдіс. Бұны құжаттық (документальный) және эксперименттік деп екіге бөліп қарастыруға болады;**
- **Субъективтік әдіс. Бұны өзара бағалау, өзіндік бағалау деп бөліп қарастыруға болады.**

Ең қарапайым әдіс өзіндік бағалау. Бұл әдіс экспертті бағалау үшін әртүрлі мәліметтер жинап, олардан бір қорытынды жасап әлекке түсуді керек етпейді. Эксперт өзін қандай саланы жақсы білетінін, қандай сұрақтарға маңызды түрде жауап бере алатынын оған ұсынылған шкаламен бағалайды.